

## ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ҚАТЫСУШЫНЫҢ ІС ЖҮРГІЗУ МӘРТЕБЕСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Жұмабаева Ж.Ж. аға оқытушысы, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды  
зерттеу университеті*

Ғылыми мақала BR 27882414 «Зорлық-зомбылық құрбаны болған балаларды қолдау және оңалту бағдарламасы: ресурстық модульді орталықтар желісін тәжірибелік енгізу» жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым комитеті қаржыландырған 2023-2025жж. арналған ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде дайындалған.

Кәмелетке толмағандардың жеке басының психофизиологиялық ерекшеліктері, аталмыш санаттағы қылмыстық процестік құқықтық қатынасқа түсушілердің арнайы құқықтық реттелуін қажет етеді. Бұл қылмыстық процеске қатысушы кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау арқылы ғана қол жеткізіледі.

Қылмыстық процеске қатысушы кәмелетке толмаған күдікті (айыпталушының, сотталушының), қорғалуға құқығы бар куәнің, жәбірленушінің, куәнің процессуалдық мәртебесін жетілдіру арқылы қылмыстық процестегі кәмелетке толмағандардың құқықтарын қамтамасыз етудің кешенді тетігін әзірлеуді, құқықтық мәртебесінің бірыңғай, біріздендірілген тәсілді жүзеге асыру арқылы ғана қол жеткіземіз.

Түйін сөздер: кәмелетке толмағандар, кәмелетке толмағанның процессуалдық мәртебесі, заңды өкілдер, кепілдік, қылмыстық процес.

Психофизиологические особенности личности несовершеннолетнего обуславливают специфику правового регулирования уголовно-процессуальных правоотношений, через призму соблюдения его прав и обязанностей и достижения целей правосудия. Выработка эффективного механизма обеспечения прав и свобод несовершеннолетних в уголовном судопроизводстве возможно только с учетом особенностей личности несовершеннолетнего.

Целью данной статьи является выработка комплексного механизма обеспечения прав несовершеннолетних в уголовном процессе, путем совершенствования процессуального статуса несовершеннолетнего подозреваемого (обвиняемого, подсудимого), свидетеля, имеющего право на защиту, потерпевшего свидетеля и выработка единого, унифицированного подхода к статусу несовершеннолетнего.

Ключевые слова: несовершеннолетний, процессуальный статус несовершеннолетнего, ювенальная юстиция, законный представитель, гарантия, уголовный процесс.

Juvenile delinquency as a social phenomenon, as well as the problems of criminal proceedings involving minors, is relevant for objective reasons. Psycho-physiological features of a minor's personality determine the specifics of legal regulation of criminal procedural legal relations, through the prism of observing his (her) rights and obligations and achieving the goals of justice. The development of an effective mechanism for ensuring the rights and freedoms of minors in criminal proceedings is possible only taking into account the characteristics of the minor's personality. The characteristics of a minor's personality serve as a starting point in the formation of the concept of ensuring their rights in criminal proceedings. The aim of this research is to develop an inclusive mechanism for ensuring the rights of juveniles in criminal proceedings, by improving the procedural status of a minor suspect (accused, defendant), a witness who has the right to defense, a victim witness, and to develop a unified approach to the status of a minor.

Keywords: juvenile (minor), procedural status of a minor, juvenile justice, guarantees of rights, representation of interests of minors.

Кәмелетке толмағандар жасына байланысты психофизиологиялық ерекшеліктер жиынтығының тасымалдаушысы болып табылады. Осыған сәйкес кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғаудың әлемдік стандарттарына сәйкес келтіруге ұмтылу біздің мемлекетіміздің құқықтық мемлекет кұрудағы бағытының заңды нәтижесі болып отыр.

Кәмелетке толмағанның қылмыстық процеске қатысуын, статистикалық деректерді, тергеу және сот практикасын зерттеу арқылы ғылыми әзірлемелерді талдау, кәмелетке толмағандардың қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізуді жетілдіруге ықпал ететін мынадай проблемаларды анықтауға мүмкіндік берді: 1) кәмелетке толмағанның арнайы процестік мәртебесінің негізінде оның жеке басы, оған тән жеке ерекшеліктері жататынына қарамастан қылмыстық процеске қандай мәртебеде қатысуына қарамастан, кәмелетке толмағандардың іс жүргізу құқықтарының көлемінде елеулі айырмашылықтар байқалады; 2) Қазақстан Республикасы бойынша статистикалық деректерді талдау қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандардың саны мен жәбірленушілердің кәмелетке толмағандардың саны шамамен бірдей екенін көрсетеді; 3) қылмыстық процеске қатысушылардың кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуде бірыңғай тәсіл жоқ екендігін көрсетті [1].

Осы мақаланың шеңберінде қойылған міндеттерді шешу үшін қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың құрамы олардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттері көлемінің призмасы арқылы талданды және қылмыстық процеске кәмелетке толмаған қатысушылардың іс жүргізу жағдайындағы олардың құқықтарын бұзылу ықтималын тудыратын елеулі айырмашылықтар анықталды. Кәмелетке толмағандардың құқықтарының бұзылуы берілген құқықтарды іске асырудың нормативтік-бекітілген, нақты, дәйекті тетігінің болмауын көрсетті.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде қылмыстық процеске кәмелетке толмаған қатысушының іс жүргізу мәртебесін түсінуде бірыңғай тұжырымдаманы әзірлеу, адам құқықтары саласындағы бірыңғай стандарттарды қолдану және кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етудің негізгі кепілдіктерін біріздендіру қажеттілігі туралы қорытындылар жасалды.

Қылмыстық процеске қатысушы кәмелетке толмаған адамның психологиялық ерекшеліктері олардың психологиялық толық жетілмегендігімен байланысты. Қылмыстық сот ісін жүргізуде кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін қорғаумен қатар, сот төрелігінің мүдделері де назардан тыс қалмайды. Қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын қорғау мен сот төрелігінің міндеттері арасындағы тепе-теңдікті сақтау, мысалы, объективті ақиқатты анықтау, кәмелетке толмағандар психологиясының ерекшелігіне байланысты олар шындыққа сәйкес келмейтін айғақтар беруге бейім екенін түсіну арқылы ықпал етеді. Көрсетілген мән-жайлар қылмыстық процеске күдіктілердің құқықтарын қорғаумен қатар жәбірленуші кәмелетке толмаған куәгерлердің құқықтарын қорғаудың барабар тетігін әзірлеу қажеттігін көрсетті [2].

Кәмелетке толмағанның қылмыстық процеске қатысуы әртүрлі нұсқаларда болуы мүмкін: қылмыстық қудалаудан қорғалатын күдікті, айыпталушы, сотталушы ретінде; оның құқықтарының бұзылуына байланысты қылмыстық процестің орбитасына тартылған жәбірленуші; өзге адамдар – қорғалуға құқығы бар куә, куә. Демек, кәмелетке толмаған қатысушы қылмыстық іс жүргізу заңнамасында көзделген кез келген іс жүргізу мәртебесіне ие бола алады.

Егер сараланған іс жүргізу формасы, құқықтар мен заңды мүдделерді қорғаудың қосымша кепілдіктері кәмелетке толмағанның жеке басына негізделетіндігіне сүйенсек, онда кәмелетке толмағанның қылмыстық іс бойынша нақты қабылданған іс жүргізудегі процесуалдық мәртебесіне қарамастан, оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудың іс жүргізу кепілдіктерінің көлемі бірдей, біріздендірілген болуы тиіс деп болжанады.

ҚР ҚПК қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушыларды: өз құқықтары мен мүдделерін, сондай-ақ өзге де адамдарды қорғаушыларға жіктейді. Бірінші топқа күдікті адам, айыпталушы (сотталушы), жәбірленуші жатады. Өз құқықтары мен мүдделерін қорғау құқығы екі фактордың болуымен анықталады: оларға өздеріне қарсы қылмыстық қудалау жүргізіліп жатқандығы немесе оларға қылмыстық құқық бұзушылық салдарынан дене, мүліктік немесе моральдық зиян келтірілуімен.

Осы қатысушылардың іс жүргізу мәртебесінің мазмұны сот төрелігін іске асырудың Конституциялық қағидаттарының ережелерін, сондай-ақ дәлелдеуге қатысуға: дәлелдемелерді жинауға, зерттеуге, бағалауға және пайдалануға қылмыстық процесте карама-қарсы тараптардың өкілдері ретінде тең құқықтарды көрсетуі тиіс.

Кәмелетке толмағанның қылмыстық процеске қатысуын қазіргі заманғы реттеудің басты проблемасы: бұл кәмелетке толмағанның қылмыстық сот ісін жүргізудегі құқықтық жағдайының тұтас тұжырымдамасының болмауы. Бұл жағдайдан шығудың бір ғана жолы болуы мүмкін: бұл кәмелетке толмағанның іс жүргізу мәртебесінің үштігін ескере отырып, осындай тұжырымдаманы әзірлеу.

Шетел әдебиеттерінде кәмелетке толмағанның іс жүргізу мәртебесінің мәселелері оның сотқа келу құзыреттілігі тұрғысынан да қарастырылады. Бұл ретте құзыреттілік деп кәмелетке толмағанның іс жүргізу мәртебесінің құқықтық мазмұны ғана емес, сондай-ақ қылмыстық сот ісін жүргізуге тең құқылы қатысушы болуға мүмкіндік беретін өзге де компоненттер жиынтығы түсініледі. Кәмелетке толмағандардың сот төрелігіне қол жеткізуін және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау проблемаларын қамтамасыз етуге байланысты проблемалар біздің елімізде және жақын елдерімізде ғана емес, алыс шетелдерде де бар [3].

Қылмыстық процесте кәмелетке толмаған қатысқан қылмыстық істеріне талдау жасау, статистикалық деректерді және тергеу және сот практикасын зерделеу арқылы мынадай проблемаларды анықтауға мүмкіндік береді, кәмелетке толмағанның арнайы іс жүргізу мәртебесі оның жеке басына, онымен тығыз байланысты және қылмыстық процеске қатысушы процесуалдық мәртебесіне қарамастан, қылмыстық процеске кәмелетке толмаған қатысушылардың іс жүргізу құқықтарының көлемінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалады.

Қазақстан Республикасы бойынша 2022-2023 жылдардың статистикалық деректерін талдау арқылы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандардың саны мен жәбірленушілердің саны шамалас екенін көрсетті.

Қылмыстық сотісін жүргізуде кәмелетке толмаған қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бірыңғай тәсіл жоқ.

Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың құрамы олардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттері көлемінің призмасы арқылы талданды; айырмашылықтар анықталды және негізделген тұжырымдар ұсынылды. Талдау қылмыстық сотісін жүргізуде кәмелетке толмаған қатысушының құқықтарының негізгі іс жүргізу кепілдіктеріне сәйкес келетін үш негізгі ұстанымнан жүргізілді: қылмыстық сотісін жүргізуде кәмелетке толмаған қатысушыларға білікті заң көмегін қамтамасыз ету; кәмелетке толмағандардың қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізуге заңды өкілдердің қатысуы; кәмелетке толмағандардың қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізуге педагог пен психологтың қатысуын көрсетеді.

Кәмелетке толмаған жәбірленушінің өкілінің қатысуы міндетті. Осыған байланысты жәбірленушінің адвокат-өкілінің міндетті қатысу шегі туралы мәселе туындайды, өйткені ҚР ҚПК -нің 215-бабында "кәмелетке толмаған куәдан немесе жәбірленушіден жауап алудың ерекшеліктері" кәмелетке толмаған жәбірленушіден жауап алу кезінде оның адвокат-өкілінен міндетті түрде қатысуын көздемейді, дегенмен қатысуға педагог, психолог және заңды өкілді тарту мүмкіндігін көрсетеді.

ҚР ҚПК -де қылмыстық процеске қатысушы кәмелетке толмағандардың процесуалдық мәртебесін егжей-тегжейлі құқықтық регламенттеу қажет етеді.

Кәмелетке толмаған қорғалуға құқығы бар куә мәртебесіне ие болған жағдайда, ол ҚР ҚПК 78-бабы 6-бөлігінің 2-тармағына сәйкес адвокат-қорғаушыны шақырта алады. ҚР ҚПК -де қылмыстық қудалау органын қорғалуға құқығы бар кәмелетке толмаған куәның қатысуымен іске қатысуға адвокат-қорғаушыны тартуға міндеттейтін норма жоқ.

ҚР ҚПК 113-бабының 2-бөлігіне сәйкес қорғалуға құқығы бар куәнің көрсетінділері дәлелдемелердің дербес қайнар көзі болып танылады. Алайда, ҚР ҚПК-нің 56-тарауында да, жекелеген баптарында да қорғауға құқығы бар кәмелетке толмаған куәдан жауап алудың

ерекше тәртібі көзделмеген. ҚР ҚПК 215-бабы кәмелетке толмаған куәдан немесе жәбірленушіден жауап алу ерекшеліктерін реттейді. Бұл норманы сөзбе – сөз түсіндіретін болсақ, бұл ережелер нормада тікелей көрсетілген субъектілерге-куә мен жәбірленушіге қатысты деп айтуға негіз береді. ҚР ҚПК-нің 215-бабы нормаларын қорғалу құқығы бар кәмелетке толмаған куәдан жауап алу жағдайларына кеңейту арқылы түсіндіру және қолдану, оның ерекше мәртебесін, мәні бойынша күдіктінің іс жүргізу мәртебесіне неғұрлым жақын болуына байланысты.

Қорғалуға құқығы бар кәмелетке толмаған куәнің құқықтарын қорғау және заңды мүдделерін қамтамасыз ету мүддесінде заң шығарушының ұстанымын нормативтік деңгейде қайта қарастыруды. Педагог пен психологтың қатысуымен іс жүргізу әрекеттеріне қатысуға тарту рәсімін егжей-тегжейлі реттелу қажет. Мұндай тұжырымдардың негізі қылмыстық сотісін жүргізуде кәмелетке толмаған қорғалуға құқығы бар куә туралы норманы жеке норма ретінде бөліп көрсету арқылы және ҚР ҚПК-нің 9-тарауында "өз құқықтары мен мүдделерін немесе өздері өкілдік ететін құқықтары мен мүдделерін қорғап процеске қатысушылар" орналастыру қажет екендігін айғақтайды. Яғни, қылмыстық процесте кәмелетке толмаған қатысушының құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету үшін, олардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың заңмен бекітілген іс жүргізу кепілдіктерін біріздендіру арқылы ғана жүзеге асырылады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Сведения о зарегистрированных уголовных правонарушениях [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://pravstat.prokuror.gov.kz/rus/o-kpsisu/deyatelnost-komiteta/analiticheskaya-informaciya>.
2. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 г. № 231-V ЗПК [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000231>.
3. Archard D, Skivenes M (2009) Hearing the child // Child Fam Soc Work 14(4):391–399 URL: <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1111/j.1365-2206.2008.00606>
4. Марковичев Е.В. Некоторые дискуссионные вопросы охраны прав несовершеннолетнего в современном российском уголовном процессе // Вектор науки ТГУ. Серия: Юридические науки. -2014. -№2(17). -С.86-88
5. M., Johnstone J., Fraser A., McNeill F. (2010) Scotland. In: Dünkel F, Grzywa J, Horsfield P, Pruin I (eds) Juvenile justice systems in Europe. Forum Verlag Godesberg, Mönchengladbach, pp 1149–1194 URL: [http://springer.iq-technikum.de/referenceworkentry/10.1007/978-981-10-3182-3\\_14-1](http://springer.iq-technikum.de/referenceworkentry/10.1007/978-981-10-3182-3_14-1)
6. Child Rights International Network (2016) Rights remedies and representation: global report on access to justice for children. Child Rights International Network, London Google Scholar
7. Daly A., Rap S. (2019) Children's Participation in the Justice System. In: Kilkelly U., Liefwaard T. (eds) International Human Rights of Children // International Human Rights. Springer, Singapore URL: [https://doi.org/10.1007/978-981-10-4184-6\\_14](https://doi.org/10.1007/978-981-10-4184-6_14)

#### СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА В ВОПРОСЕ АКТУАЛИЗАЦИИ ПРОФИЛАКТИКИ ПРАВОНАРУШЕНИЙ СРЕДИ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ

*Сыздыкова С.А., магистр права кафедры Общеюридических и специальных дисциплин,  
Карагандинский университет Казпотребсоюза,  
Смагулова А.С., магистрант кафедры Общеюридических и специальных дисциплин  
Карагандинский университет Казпотребсоюза*

Обеспечение безопасности общества и личности является первостепенной задачей государства. С целью обеспечения данного принципа одной из главных целей является